

## Хаттама №9

«Тасарық» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2023 жылдың 22 мамыры күні жоспарға сәйкес кезекті директор жанындағы кеңес өтті.

Қатысуға тиіс-37

Қатысқаны-27

Дәлелді себептермен қатыспағаны-10

### Күн тәртібінде:

1. ҰБТ-ке және қорытынды аттестаттауға дайындық кезінде оқушыларды психологиялық сүйемелдеу жұмыстарының жүргізілуі /П.Үргенішбаева/
2. Жаңа оқу жылына МАД, 1-ші және басқа сыныптарға оқушы тарту жайы. /Б.Аханова/
3. 11-сынып оқушыларының және ҰБТ-ға дайындық барысы туралы. /Т.Бөлебаев/
4. Мектеп оқушыларының және әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балаларының жазғы демалысын ұйымдастыру. /А.Аханов/
5. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. /С.Кәрібай/

### Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп психологі П.Үргенішбаева сөз алып, ҰБТ-ке және қорытынды аттестаттауға дайындық кезінде оқушыларды психологиялық сүйемелдеу жұмыстарының жүргізілуі туралы баяндады.

Жоспар бойынша жыл бойы 9,11 –сынып оқушыларынымен ҰБТ-ға, мемлекеттік емтиханға байланысты диагностикалық, психокоррекциялық жұмыстар жүргізіліп, кеңестер берілді. Атап айтқанда «Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі», «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?», «9-сынып оқушыларымен мемлекеттік емтиханға психологиялық бейімдеу сабақтары» тақырыптарында психологиялық тренингтер жүргізілді. Тренингтің барысында мемлекеттік емтиханға дайындық кезінде психологиялық қолдау көрсету, сонымен қатар, алдағы емтиханға дайындық барысында ұстануға болатын қажетті кеңестер, «ҰБТ дегеніміз не, депрессиядан қалай арылуға болады?» тақырыптарында ақпараттар беріліп, «Мен неге қол жеткізгім келеді?», стрестен арылып өзіне деген сенімділікті арттыратын жаттығулар мен ойындар жүргізіліп, оқушылар тренингтен алған әсерлерімен бөлісіп, белсенділік танытты.

Жоспар бойынша 9,11-сынып оқушыларынан Дасс шкаласы, НСВ-10, Э.Хаворд тесттері алынып, нәтижелері шығарылып, оқушылармен «Мен өзіме сенемін», «ҰБТ-ға сеніммен барайық», «Сенім менің серігім», «Өзіңе сен! Сен жеңіске жетесің!», «Бойдағы қорқынышты төмендету» атты тренинг сабақтар өткізіліп, оқушылар стресс кезінде өзін дұрыс басқару және оны жеңу жолдары туралы психологиялық кеңестер берілді. Сонымен қатар ҰБТ-ны және мемлекеттік емтихан тапсыру кезінде барынша өз мүмкіндіктерін іске асыру және ҰБТ –ға дайындық кезінде белгілі бір қиындықта өзіне деген сенімділік ұялатып, сенімді қадам басуына «Адам қалай өзіне сенімді бола алады?», «Сенімділік күш береді» тақырыптарында тренингтер мен кеңестер беріліп, психологиялық жаттығулар жүргізілді. Мақсаты: Жүйке жүйесіндегі психикалық қысымнан босаңсытуда релаксациялық жаттығулар орындау. Оқушыларда психофизикалық күйін басқаруды қалыптастыру. Бұл жаттығуда түрлі ойындар ойнатылып, жүйке жүйесіндегі психикалық қысымнан айырылу тәсілдері туралы кеңестер мен дәрістер берілді. Және бойдағы жағымсыз қасиеттер мен энергиялардан арылу жаттығуларын жасап, нәтижесінде оқушылар жаттығудан алған әсерлерімен бөлісіп, керемет көңіл - күйде екендерін айтты. Сонымен бірге «Іс-әрекет және эмоция» тақырыбында тренинг жүргізілді. Мақсаты: Өз эмоцияларын білдіруге және басқаруға үйрету. Бұл тренингте бойларындағы жағымсыз эмоциялармен қоштасу және де «Эмоцияларымызды қалай басқаруға болады?» тақырыбында дәріс жүргізілді. Мақсаты оқушы бойындағы эмоциясын бақаруды үйрену. Жағымсыз эмоциялардан қалай арылу

керек? Сені түсініп қолдау көрсететін достарыңның ортасында айтсаң жағымсыз эмоциялардан сәл болса да жеңілдейсің. Егер жалғыз болған жағдайда, жастықты ұр немесе орамалды құрғақ болсада сығып, ашуынды сыртқа шығаруға болады. Ашудың жағымсыз энергиясы көбіне иықтың, қолдың жоғарғы бөлігіндегі бұлшық еттерде және саусақтарда жиналады. Кез келген дыбыстарды шығар, өйткені жағымсыз сезімдерің тамақта «қысылып» қалады. Ішіндегі жағымсыз энергияны шығарудың әсерлі әдісі кезкелген спорт түрімен айналысу. Сонымен қатар таза ауада бір немесе бір жарым сағаттай серуендеу керек. Сонда бойдағы ашудан, жағымсыз энергиядан арылатындығы туралы кеңестер берілді. «Бұзылған телефон» ойыны ойнатылды. Мақсаты: жағымсыз эмоциялардан айырылу, өзін-өзі талдау қабілетін дамыту, өзін-өзі бағалауды жоғарлату мақсатында жүргізілді. Ойын соңында оқушылар дәрістен алған ойларымен, жаттығулардан алған әсерлерімен бөлісті. Алдағы уақытта да 11,10,9 сынып оқушыларымен психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізіледі.

**Ұсыныс:** ҰБТ-ке, сондай-ақ мемлекеттік қорытынды аттестаттауға түсетін 9,11-сынып оқушыларына психологиялық дайындықты күшейту, сүйемелдеу мектеп психологі П.Үргенішбаеваға міндеттелсе.

Келесі мәселе бойынша сөз мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова жаңа оқу жылына МАД, 1-ші және басқа сыныптарға оқушы тарту жайы туралы баяндады. 2023-2024 оқу жылында қазіргі таңда 1-сыныпқа қамтылуға тиісті 10 баланың құжаттары 1 сыныпқа дайындалып, қабылданды. МАД тобына 12 бала қабылдау жоспарланып отыр.

**Ұсыныс:** 2023-2024 оқу жылына МАД, 1-ші және басқа сыныптарға оқушы тарту сынып жетекшілеріне міндеттеліп, сыныптарды комплектілеу жұмыстарын талапқа сай ұйымдастыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелсе.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе «11-сынып оқушыларының және ҰБТ-ға дайындық барысы» туралы. Мектеп директорының бағдарлы оқыту ісі жөніндегі орынбасары Т.Бөлебаев баяндады.

2022-2023 оқу жылы 11 сыныптағы 6 оқушы ұлттық бірыңғай тестілеуіне маусым айына бірінші, екінші кезеңіне тіркелді. Ай сайын оқушылардың деңгейін бақылау мақсатында екі рет тест алынып отырды. Оқушылардан алынған тест көрсеткіші бойынша ата-аналар мен пән мұғалімдеріне талқыланып, кемшіліктерді жою мақсатында жұмыстар жасалды. Сәуір айындағы тест көрсеткішіне келер болсақ Ерғали Ринат- 92балл, Қарлыбай Меруерт -101 балл, Едіге Диана -68 балл, Таламбай Динара-74 балл, Өмірбек Дархан -99 балл, Сәрсенбай Серікбол -106, балл аралығында алып жалпы ортақ қорытынды балы-90.

Мамыр айында Ерғали Ринат- 91балл, Қарлыбай Меруерт- 100 балл, Едіге Диана- 71 балл, Таламбай Динар -67 балл, Сәрсенбай Серікбол -84 балл алып отыр. Бір оқушы қатыспай қалды ортақ пайызы- 82,6. Оқушыларды ұлттық бірыңғай тестілеуіне толық қатыстыру біздің міндетіміз деп білемін. Ұлттық бірінғай тестілеуінен жоғары балл алып, үмітімізді ақтайды деп ойлаймын.

**Ұсыныс:** 11-сынып оқушыларының және ҰБТ-ға дайындық барысы «қанағаттанарлық» деп бағаланып, жүргізілген жұмыстарды қорытындылап, жинақтау мектеп директорының бағдарлы оқыту ісі жөніндегі орынбасары Т.Бөлебаевқа міндеттелсе.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша «Мектеп оқушыларының және әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балаларының жазғы демалысын ұйымдастыру» туралы мектептің әлеуметтік педагогі А.Аханов айтып өтті.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығы. Қазақстан республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 24 сәуірде № 20478 болып тіркелді. Осы «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10 – бабының

1) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру тәртібін айқындайды.

«Шағала» лагерінде атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары және аз қамтылған отбасы балалары, көп балалы отбасы балалары, жан басына шаққанда табыс көзі ең төменгі отбасы балалары қамтылады. «Шағала» лагеріне 7 ауысым бойынша, әр ауысымға бір оқушыдан 7 оқушымыз демалатын болады.

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды «Балдәурен» тынығу лагеріне атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары және аз қамтылған отбасы балалары, көп балалы отбасы балалары, жан басына шаққанда табыс көзі ең төменгі отбасы балалары қамтылады. Мектеп жанындағы лагерьге 30 оқушы қамтылады, лагерь директоры және 7 педагог қызметкер жұмыс жүргізетін болады.

**Ұсыныс:** Мектеп оқушыларының және әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балаларының жазғы демалысын талапқа сай ұйымдастыру, қажетті құжаттарын әзірлеу мектептің әлеуметтік педагогі А.Ахановқа міндеттелсе.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша «Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» мәселесі бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібай сөз алып, айтып өтті.

Балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында, мектептегі ата-аналармен және оқушылармен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Жүргізілген жұмыстар барысында, ата-аналардың бала тәрбиесінің отбасындағы рөлі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ождан мол, еңбекқор, білімді азаматты тәрбиелеу. Бала да жас терек сияқты, қалай тәрбиелесен, жастан қандай тәрбие берсең, ертең есейгенде жас кезіндегі алған тәрбиесі өміріне негіз болмақ. Ата-ана бала қауіпсіздігін сақтауды ең бірінші орынға қою керек. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі өмірлік қиын жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес. Бұл санатқа, көбінесе отбасылық жағдайы нашар, өздеріне өздері бас болып жүрген балалар немесе керісінше ауқатты отбасындағы балалар.

Жаз мезгілінде балаларда бос уақыт көп. Қызық қуған балалардың көпшілігі қауіптің қайдан келерін естен шығаратыны да белгілі. Ал оның соңы жазатайым жағдайларға әкелуі мүмкін.

Жазда балалар көбіне ересектердің қарауынсыз қалып, су айдындарына, әдетте қайғылы оқиғалар болатын жабдықталмаған жерлерге шомылады. Жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін тыйым салынған жерлерге бармау керек. Осы мәселеге байланысты ауыл әкімдігіне тыйым салған жерлерде шомылуға болмайтынын ескертетін ескертпе тактайшаларын ілуге ұсыныс берілді. Жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін тыйым салынған жерлерге бармау керек.

**Ұсыныс:** Ата-ана мен мектеп арасындағы байланыс үнемі тұрақты болып, мектеп психологы оқушылар арасында тақырыптық сауалнама алса және ата-аналар баланың мектептен кейінгі уақытын тұрақты бақылауда ұстаса. Аталған жұмыстарды басты назарда ұстауды қамтамасыз ету мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібайға міндеттелсе.

#### **Шығып сөйлеушілер:**

- 1. Биология пәнінің мұғалімі А. Ысқақова:** Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер өте өзекті деп ойлаймын. Мен биология пәнінен ҰБТ-ке дайындық жұмыстарын жүргізіп отырмын. Оқушылар қобалжу үстінде, кейде шаршап отырады. Сол кезде оларға психологиялық тұрғыдан серпіліс қажет. Міне, осындай сәттерде мектеп психологінің қажет кезінде үлкен демеуі оқушыларға дем береді. Жалпы оқушылардың әзірлігі жаман емес. Олар жауапкершілікті барынша сезінеді. Ойдағыдай межеден шығамыз деген ойдамын.

2. **«Қуаныш» шағын орталығының тәрбиешісі Г. Таштитова:** Қаралған мәселелер өте өзекті деп білемін. Бізден МАД тобына 15 баладан 12 бала барады. Мен тәрбиешілік ететін тобымда да балалар қозғалыстағы белсенді балалар. Сондықтан үнемі қауіпсіздік ережелерін қайталап, ескертіп, бақылап отыруға тырысамын.
3. **Химия пәнінің мұғалімі Ә. Ізбасаров:** Кеше ғана біздің алдымыздан бала болып білім алған балалар мінекей ендігі ҰБТ тапсыруға дайындық жасап, азамат қатарына қосылуда. Оқушылардың нағыз ширығып тұрған кезі химия пәнін таңдап отырған оқушылар бар. Осы оқушылар өз қабілеттеріне сай аянбай еңбек етіп, жасаған дайындықтарының арқасында тиіст ойдағыдай балл алып шықса деген тілектеміз. Осындай сәттерде біз де ата-ана, мұғалім, дос ретінде барынша қолдау білдіріп, психологиялық тұрғыда дем беруге тырысамыз. Олар жақсы деңгейде білімдерін көрсетіп, қуанып шығады деген сенімдемін. Жаз айларындағы қауіпсіздік ең маңызды оған тек сынып жетекшілері ғана емес балаларына ата-аналар қатаң ескертіп, бақылау қажет деп ойлаймын. Өз кезегінде ата-аналардың да қолдауы, қадағалауы қажет. Жаз айларында босаңсыған балалар түрлі келеңсіз жағдайларға ұшырамаса екен.

#### **Директор жанындағы кеңес қаулы етеді:**

1. ҰБТ-ке, сондай-ақ мемлекеттік қорытынды аттестаттауға түсетін 9,11-сынып оқушыларына психологиялық дайындықты күшейту, сүйемелдеу мектеп психологі П.Үргенішбаеваға міндеттелсін.
2. 2023-2024 оқу жылына МАД, 1-ші және басқа сыныптарға оқушы тарту сынып жетекшілеріне міндеттеліп, сыныптарды комплектілеу жұмыстарын талапқа сай ұйымдастыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелсін.
3. 11-сынып оқушыларының ҰБТ-ке дайындық барысы «қанағаттанарлық» деп бағаланып, жүргізілген жұмыстарды қорытып, жинақтау мектеп директорының бағдарлы оқыту ісі жөніндегі орынбасары Т.Бөлебаевқа міндеттелсін.
4. Мектеп оқушыларының және әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балаларының жазғы демалысын талапқа сай ұйымдастыру, қажетті құжаттарын әзірлеу мектептің әлеуметтік педагогі А.Ахановқа міндеттелсін.
5. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әсіресе жаз айларындағы каникул кезеңіндегі демалыс уақытын тұрақты бақылауда ұстауды ата-аналарға түсіндіру сынып жетекшілері мен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібайға міндеттелсін.



**Директор жанындағы кеңестің төрайымы:**

**Ә.Кеулімжай**

**Хатшысы:**

**А.Жарболова**